

АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «АДАМ МЕН ӘЛЕМ» ҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Муханбеткалиев Е. Е.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.

Адам және Әлем мәселесі - философияның басты нысаны. Бұл арада «Әлем» ұғымын дәстүрлі «Дүние» деген ұғыммен бара бар күйде қолданып отырмыз. Олай болса, Абай даналығындағы «Адам-Әлем» мәселесінің мән-жайына тереңірек үніліп зерделейік.

Абайдың атын бүкіл әлемге танытқан заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов ақынның әдебиеттегі және мәдениеттегі орнын Абай шығармаларындағы даналықпен, поэтикалық көркемдікпен, әлеуметтік сарынмен және қазақ тұрмысының олқы жақтарын қатал сынаумен қарастырады.

Бірақ Абай шығармашылығының осы қырларын философияға тікелей қатысты деп ойламайды: «...Шын мәнінде алғанда, - деп жазады Мұхаң, - Абай философ емес..., оның арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы еңбектері, трактаты жоқ» [1, 180 б]. Сөз жоқ, бұл арада М.Әуезов философияға маркстік- лениндік тұрғыдан қарап, Абай шығармаларынан Батыс философиясына тән салаларды, бағыттарды, белгілерді көре алмай, Абайды философтар санатына қоса алмай отыр. Сонымен бірге ол Абайдың адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әрі сапалы, терең ойлы пікірлері барын атап өтеді.

Абай философия бойынша іргелі еңбек жазбаған, алайда оның қаламынан терең философиялық поэзиясынан басқа философиялық толғаныстардан, төлтума философиялық идеялардан тұратын «Ғақлия» немесе «Қара сөздер» атты еңбек туды. 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында Ж.Аймауытұлы «Журнал туралы» деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан)» [2]. Ойшыл ақын Мағжан Жұмабаев та өзінің «Алтын хакім Абайға» деген өлеңінде оның даналығына ерекше мән береді:

Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес [3, 22 б].

Әрине, біз Абай философиясын ғылым, таным теориясы, методологиялық пайымдау деп сипаттай алмаймыз.

Қазақ философиясының тарихын зерттеуші, даналықтың табиғатына терең бойлаған ғалым Т. Х. Рысқалиевтің пікіріне жүгінетін болсақ: «Абай философиясын ХІХ –ғасырдағы қазақ жеріндегі қоғамдық сананың формасы деп қарау ақылға сыйыңқырамайды. Ол кезде ешкім де Абайдай ойлап, Абайдай түсінікке ие болған жоқ. Сондықтан да Абайды

замандастары түсінбеді. Абайдың философиясы – оның өзінің ойы, пікірі, көзқарасы.

Қоғамдық сананың формасы болып табылатын философия - көптің пікірі, түсінігі. Онда тереңдік, даналық жоқ. Абай мұндай философияны «ақсақал айтты, бай айтты, кім болса, мейлі сол айтты» деп қабылдамайды. Мұндай философия пікір деңгейінен әрі аса алмайды, түсінікке жете алмайды. Абай пікір мен түсініктің арасын айыра біледі. Кеңестік дәуірде философия анаған да, мынаған да, бәріне де түсінікті көзқарасқа айналды. Материалистік философияда түсінбейтін нәрселер аз. Ондай түсінікпен біз Абайдай ойшылдарға бойлай алмаймыз.

Абайдың түсінігі таң қалдырады. Оған дейінгі, одан кейінгі қазақ ойшылдары мен ғалымдарында кездеспейтін түсінік. Өткенді де, қазіргіні де, болашақты да қамти алған түсінік. Оқумен, тоқумен, тәжірибемен, ойланумен, толғанумен, терең бойлаумен келген түсінік. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразыға салып өлшеп беретін түсінік» [4, 44 б].

Абай дүниетанымы мен философиясындағы даналықтың қыр-сырын, бүге- шүгесіне дейін ашып көрсете білген профессор Т.Х. Рысқалиевтің пікіріне тоқталайық: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән берді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Даналық Абай ілімінде теориялық концепция болып қалған жоқ, өмір сүру тәсіліне айналды.

Даналықты Абай ата-анасынан, әжесінен, халқынан, Батыс, Шығыс және орыс әдебиетінен, Құраннан, философиядан үйренді. Өзі де ізденіп оқып, танысқан ойшылдардан, оның іздегені, күткені даналық болды. Олар адамға қалай қарайды, не үшін бағалайды, олардың дүниеге көзқарасы қандай, дүниенің күрделі жақтарын, қайшылықтарын қалай түсінеді; олар неге ұмтылады, неге құмар болады; олардың өмірінде зат қандай орын алады; олардың қанағатқа, баққа, қайғыға қалай қарайтыны; олардың сөздерінің тәрбиелік мәні т.т. - міне, әдебиеттен, философиядан оның білмек болғаны осы еді» [4, 44 б].

Абай жөнінде, бұл – «адам» дейтін орталық нүктеге қарап, тепе-теңдік ұстайтын тұтас әлем, Абай ғарышы деу жоқ. Адамшылық мәні, оның этикалық һәм эстетикалық келбеті, өмірінің мәні мен мағынасы, зерде мен сезім дүниесі, ойшылды тебіренге толғантқан. «Абайға келгенде ... адам мен адамгершілік, ұждан – мораль философиясына тікелей қатысы бар, толып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, әр сапалы, терең ойлы пікірлері бар екені даусыз. Біздің білуімізше, Абайдағы философиялық көзқарастың көбі адамгершілік мәселесіне тіреледі», -деп жазады М.О.Әуезов [5, 171 б.].

Абай үшін негізгі мәселе – адам проблемасы, ол және де кең ұғымда алынған: адамның көңіл-күйі, мінез-құлқы, түсінігі, пейілі, ойы, көзқарасы. Дәлірек айтсақ, философиялық мәселенің бір-бірімен тығыз байланысты,

сабақтас этикалық, эстетикалық, әлеуметтік, гносеологиялық және басқа қырлары болғандықтан адам проблемалары жиынтығы тұрғысынан келеді.

Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы –бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ақынның шығармашылығының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні адамның өмірдегі міндеті мен ролін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында ақыл ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!», - деп жар салады [6, 86 б.].

Абайдың адамға қойып отырған талабы бүгін де мәнін жойған жоқ. «Адам болам десеңіз» - мұны қалай түсінуге болады? Адам әзір күйде туа салмайды, адам болып қалыптасады. Адам болу – екі түрлі өзара байланысты процесс: бір жағынан, қоғамға байланысты, қоғамдық ортаның сәбиге, жасөспірімге болашақ адам ретінде қарап, оның адам болуына жағдай жасауы; екінші жағынан, адамның өзіне де байланысты, есі кірген жастың өзінің адам болуға ұмтылуы. Абай бір кездегі Диоген құсап тілі бар, сөйлей алатын екі аяқты жануарлардың бәрін бірдей бірден адам деп танымайды, оның адамшылық белгілеріне қарайды: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой». Бұл талаптар бүгін артық деп кім айта алады? Әсіресе, Абайдың «терең ойды» қайта-қайта алға тарта беруі – таңқаларлық жәйт:

Ғылым оқып, ой таппай,
Құр үйінде жатады...
(«Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңінде).
Ойлау да жоқ, білу жоқ,
Келер менен кетерді...
(«Көжекбайға»).

Терең ой, терең ғылым іздемейді...
(«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы»).

Ынсап, ұят, терең ой,
Ойлаған жан жоқ, жауып қой,
Ойланар елдің сиқы жоқ...
(«Сегіз аяқ»).

Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз...
(«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»).

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?...
(«Қызарып, сұрланып»).

Терең ойдың телміріп, соңына ермей...
(«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»).

Малда да жан мен тән, ақыл, сезім болмаса,
Тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса?...

(«Жүреkte қайрат болмаса»). Абайдың өкпесі де, назы да, өкініші де, үміті мен сенімі де болашақтың - біздің заманның, келер заманның өкілдеріне арналған.

Адам ұғымы Абай шығармашылығында абстракты, жалпыға бірдей қолданыла беретін ұғым емес. Адамдарды ойшыл әр категорияларға бөледі. Ер адам мен ез адам:

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек...

(«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»). Ақылды және ақылсыз, надан адам:

Ақылды кара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек (сонда), атқамінер адам:
Бас басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?...

(«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»). Пысық, қу адам:

Пысықтықтың белгісі - арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы...
(«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»).

Пысық деге ант шықты
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
Пысық кім деп сұрасаң –
Қалаға шапса демалмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.
Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ.
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат -шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу»...

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек»). Жиырма бірінші қара сөзінде Абай біреулердің өздерін «қу», «пысық» дегенге мақтанатынын айтып, оларды «наданның наданы» деп кекетеді.

Абайдың түсінігінде топ бар (толпа), жеке, дара тұлғалар бар (индивидуальность). Топтағылардың бір бірінен айырмашылығы жоқ. Абай топты кейде тобыр, дүрмек дейді. Топ өздігінен ешнәрсе тындырмайды: «өңкей нөл». Топты жөнге салу үшін кемел басшы керек:

Единица- жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?...

(«Сәулең болса кеудеңде»). Отыз жетінші сөзінде Абай: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркты отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – деген сұрақ қояды да, оған өзі былай деп жауап береді: -Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал». Абай көпті немесе топты жартасқа теңейді:

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Естідім үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас, бір жартас,
Қаңқ етер түк те байқамас...

(«Сегіз аяқ»). Дара тұлға деп Абайдың әкесі Құнанбайды айтуға болады: қарадан сұлтан болған ел ағасы, азулы, қатал, айлакер би, данагөй шешен. Абайдың әкесіне берген сипаттамасы:

....Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал, шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты.
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты...
(«Бермеген құлға қайтесің»).

Дара тұлға- Абайдың інісі Оспан: ажуар, тентек, ержүрек, ақкөңіл жан:

Кешегі Оспан ағасы
Кісінің малын жемепті.
Мал сұраған кісіге
Жоқ, қайтемін демепті.
Қуаты артық, ойы кең,
Жұрттың бәрін шенепті.
Досына дәл- жаз, жауға- аяз,
Алысқанды демепті.

Адалдық үшін алысып,
Жегішке ақы төлетті.
Бас шайқаймын дегеннің
Басына салды әлекті...
(«Кешегі Оспан ағасы»).

Адам еңбекпен өседі, жетіледі. Еңбек - Абай іліміндегі негізгі ұғымдардың бірі. Адамға еңбектің қай түрі де лайық, жарасады.

Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық...
(«Бір дәурен кемді күнге - бозбалайық»).

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас, еріншек адам болмас...
(«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»).

Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң.
Бола ма дәулет, кәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей-
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін.
Үйреніп, ойлап мал ізде.
Адал бол - бай тап.
Адам бол - мал тап.
Қуансаң, қаун сол кезде...
(«Сегіз аяқ»).

Сенбе жұртқа, тұрса да, қанша мақтап,
Әуре етеді ішінде қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар
Еңбегің мен ақылың екі жақтап...
(«Сенбе жұртқа тұрса да, қаншама мақтап»).

Абайдың этикалық тұжырымдамаларында «еңбек» ұғымының айрықша орны бар, өйткені қазақтың ойшыл ақынының еңбектің адам өміріндегі мәні туралы айтылмайтын шығармасы жоқ деп әсірелеусіз айта аламыз. Еңбек әрекетін Абай адамның рухани, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп есептеді: «Ақыл, ғылым –бұлар кәсіби» [7, 219 б]. Ол сонымен қатар, еңбек адам жанын түлетеді, ал еңбектен алыс жүретін жалқауларда жаман әдеттерге бейімділіктер көп кездесетінін келтіреді. «Еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», - деп жазады «Ғақлиясында» [7, 207 б].

Адам тақырыбы Абайдың барлық шығармаларында бар. Оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік, танымдылық көзқарастары қалыптасып, өлгенге дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары, тіршілік, бәрі-бәрі Абай шығармаларына арқау болған. Оның айтуынша: «Адам баласы жылаумен туады, күліп өледі.

Бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына, ой жатыр. Адам баласы тууы мен өлуі арасында бұл дүниенің рахаты қайда екенін біле алмай дал болып, бірін-бірі аңдып, болмашы қол жеткенді дабырайтып, мақтаныш қылып, жарамсыз қылықпен өмірін бос өткізіп алғанын өзі де ағармай қалады. Өмір тоқтап тұрмайды, әр нәрсені өзінің уақытында, дер кезінде алып қала алмасаң, кеш болады, жас келіп қартайғаннан кейін қанша тырысқаныңмен одан ештеңе шықпайды.

Абай шығармашылығының адамшылық жаңғырық - үні, оның тартымдылығы мен жоғары құндылығы - оның адамды жаңарту жолдарын іздеуде, оның рухани дүниесін байытуға ұмтылысында, оның күш жігері мен қабілетіне сене отырып, жетілдіруге жағдай жасауға талпынуында жатыр. Абай шығармаларын оқу арқылы адамның дүниенің жиынтығы, жаратылыстың шыңы, қоғамның негізі мен тамыры екеніне көзіміз жетті.

Қазақ үшін әлі күнге дейін Абайдан асқан данышпан, ғұлама тұлға болмай отыр, мүмкін болмайтын да шығар. Абайды танып – білу шексіз. Әлі талай ұрпақ қазақтың бас ақынының жұмбақ әлеміне, оны толғандырған адам, қоғам, өмір мәселелеріне зерттеу жасайтыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. - 420 б.
2. Аймауытұлы Ж. Журнал туралы // Абай. -1918. -№1.
3. Жұмабаев М. Шығармалар: Үш томдық / Ред. алқасы М. Базарбаев.–Алматы: Білім, 1995. -Т.1.-256 б.
4. Рысқалиев Т. Х. Философия тарихындағы даналық проблемасы: филос. ғыл. док. ...автореф. – Алматы: ҚР ҰҒА, 1999. -50 б.
5. Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. -228 б.
6. Габдуллин Б. Г. Этические воззрения Абая. – Алма-Ата: Казахстан, 1970. -104 с.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. -Т.1. -336 б.